



## Лисаков қаласының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Костанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 ақпандағы № 83 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы З-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-тармағына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Лисаков қаласының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

K. Мухамадиева

Мәслихаттың

2024 жылғы 29 ақпандағы

№ 83 шешіміне

қосымша

## ЛИСАКОВ ҚАЛАСЫНЫҢ 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӘЗІРЛЕУШІ:

"КР Тұрақты дамуға көмектесу" Орталығы" ЖШС Мустафина В.В.  
Лисаков қ., 2024 ж.

**Мазмұны**

<b>Қысқартулар және белгілеулер тізімі</b>	
<b>Қысқартулар және белгілеулер тізімі .....</b>	<b>3</b>
<b>Терминдер және анықтамалар .....</b>	<b>4</b>
<b>Кіріспе .....</b>	<b>8</b>
<b>1. Лисаков қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдық жай-күйін талдау .....</b>	<b>9</b>
1.1. Қалдықтармен жұмыс жасау секторының ағымдық жай-күйін, сонымен қатар, қаланың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына осы сектордың әсерін бағалау .....	9
1.2 Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі мәселелер, ағымдар және алғышарттар .	15
1.3 Коммуналдық қалдықтардың түзілу және көмү көлемін болжай .....	20
<b>2. Мәселені шешу бойынша онтайлы шетелдік тәжірибелерді талдау .....</b>	<b>21</b>
<b>3. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, мақсаттық көрсеткіштері және жүзеге асыру нәтижелерінің көрсеткіштері.....</b>	<b>23</b>
3.1. Бағдарлама мақсаты.....	23
3.2. Бағдарламаның міндеттері және мақсаттық индикаторлары .....	23
<b>4. Қойылған мақсаттарға және міндеттерге жету жолдары, негізгі бағыттар .....</b>	<b>24</b>
<b>5. Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері.....</b>	<b>28</b>
<b>7. Лисаков қаласының коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары</b>	<b>30</b>

Қысқартулар және белгілеулер тізімі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ҚР ЭТРМ - Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігі БҚДА – Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

ШБС – шағын бизнес субъектісі

ТҚҚ – тұрмыстық қатты қалдықтар ҚШҰ – қоқыс шығаратын ұйым

ҚЕЖТ – қол жетімді ең жақсы технология

Терминдер және анықтамалар

қалдық паспорты - қалдықтардың пайда болу орындары, сандық және сапалық көрсеткіштері, олармен жұмыс істеу ережелері, бақылау әдістері, қоршаған ортаға, адам денсаулығына және (немесе) тұлға мүлкіне осы қалдықтардың зиянды әсер ету түрлері, қалдықтарды өндіруші туралы мәліметтер, басқа да тұлғалардың меншігінде осы қалдықтардың түзілу үдерістерінің стандартталған сипаттамасынан тұратын құжат;

қаптама қалдықтары - полимерлі, шыны, металл, қағаз және (немесе) картон қаптамаларының, құрамдастырылған материалдан жасалған қаптамалар түрлерінің тұтынушылық қасиетін жойғаннан кейінгі пайда болатын қалдықтар;

коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормасы — нақты уақыт аралығында есептік бірлікті түзілетін қалдық саны;

тұрмыстық қатты қалдықтар нарығына қатысуышылар - тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауды, шығаруды, тасымалдауды, қайта өндөуді, кәдеге жаратуды, көмуді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлік субъектілері, заңды тұлғалар;

тұрмыстық қатты қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі – меншік нысаны және іс-әрекет түріне қарамастан, тұрғын үйлерде және (немесе) жеке тұрған ғимараттарда тұратын немесе өзінің іс-әрекетін жүзеге асыратын, сонымен қатар, меншік иелігінде контейнерлік аландары мен контейнерлері жоқ немесе жалпы пайдаланылатын жерде тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметін жүзеге асыру үшін контейнерлік аландары мен контейнерлері бар жеке және заңды тұлғаларды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органмен ұйымдастырылатын жүйе;

тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесі – тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеу ережелері, сыйбаларды талдау және мониторинг, тұрмыстық қатты қалдықтар нарығына қатысуышылардың қызмет ақысын төлеу сыйбасы, тұрмыстық қатты қалдықтардың қозғалу кестесі мен маршруттары, тариф түзілімі, ақпараттық жүйелер, полигондарды ашу және жабу жүзеге асырылатын жүйе;

полигон операторы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесі шенберінде нысандарды басқаруды өздерінің құзыреттілігі шенберінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

қалдықтарды жинаудың контейнерлік жүйесі - жинақталған қалдықтарды контейнерлік аландарда сақтау;

контейнерсіз қалдықтарды жинау және жою жүйесі – күніне 2 рет қызмет көрсету үшін ауданға кіру кестесін сақтаған жағдайдағы, тұрғындардың пәтердегі жинақтауыштан қалдықтарды тікелей мамандандырылған көлік бункеріне жүктеуі;

қалдықтарды шығарудың кеңейтілген жүйесі - жер учаскесіне қойылған қалдықтарды шығару;

қалдықтарды сұрыптау - тұрлери және (немесе) фракциялары бойынша немесе қалдықтарды қайта қалпына келтіруге немесе жоюға жіберу операциялары орындалатын нысандарда және (немесе) жинау үдерісінде, жібергенге дейінгі қалдықтарды жинақтау барысында немесе олардың компоненттері бойынша жеке жүзеге асырылатын қалдықтарды бөлек жинау операциялары;

ең озық қол жетімді технология (ЕОҚТ) - қоршаған орта сапасының мақсаттық көрсеткіштерін қамтамасыз еткенге дейінгі қоршаған ортаға шаруашылық қызметтердің теріс әсер ету деңгейін төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық және басқарушылық

шараларды қамтамасыз ететін пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиядар, техникалар мен жабдықтар;

қолайлы қоршаған орта - табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және ұдайы өндіру, ластанудың алдын-алу, экологиялық жүйелерді тұрақты қалыптасуын, биоалуандылықты сақтауды, халықтың денсаулығын қоргауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қоршаған ортаның жай-күйі;

тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚҚ) - қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар; қалдықтарды бөлек жинау – фракцияларға бөлу: "құрғак" фракция, "ылғалды" фракция;

қалдықтардың "құрғак" фракциясы – қағаз, картон, металл, пластик, шыны; қалдықтардың "ылғалды" фракциясы – тағам қалдықтары, органикалық және басқалары;

ІКК – ірі көлемді қалдықтар (ұзындығы, ені немесе биіктігі 0,5 м асатын);

тұтыну қалдықтары – тұтыну немесе пайдалану үдерісінде түзілетін тағам, бұйым және басқа зат қалдықтары, сонымен қатар, бастапқы тұтынушылық қасиетін толық немесе ішінara жойған тауарлар (өнімдер);

экологиялық білім - қоршаған ортаның жай-күйіне жекелей жауаптылықты қамтамасыз ететін, адамгершілік-эстетикалық қатынастар, құндылық бағыттар, білім мен дағдыны қалыптастыруға бағытталған, тұлғаның өзін-өзі білімін жетілдіру және дамыту, оқыту, тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі;

экологиялық қауіпті нысан – қоршаған орта мен адам денсаулығына кері әсер ететін құрылыш, шаруашылық және басқа да нысандар немесе кері әсер етуі мүмкін іс-әрекеттер.

## Бағдарлама паспорты

Атауы	Лисаков қаласының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасы
Әзірлеуге арналған негіздеме	Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жыл 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" өту тұжырымдамасы. Қостанай облысы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды заманауи қайта өндеу және кәдеге жарату бойынша шаралар кешені. Қазақстан Республикасының қалдықтарды басқару саласындағы стандарттары.
Әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласының әкімдігі
Жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласының әкімдігі

Бағдарлама мақсаты	колайлылығын арттыру, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттыру, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету.
Бағдарлама міндеттері	<p>1. Қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.</p> <p>2. ТҚҚ жинау, тасымалдау, сұрыптау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және көму бойынша жүйені жаңыру.</p> <p>3. Түзілу көздерінен ірікөлемді қалдықтарды және қауіпті бөліктерден тұратын коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды қоса алғанда, қалдықтарды бөлек жинауды бірлесе ендіру.</p> <p>4. "Жасыл" экономиканы дамыту тұжырымдамасы мен принциптеріне сәйкес және соның шенберінде тұрмыстық қатты қалдықтардың үлесін арттыру.</p> <p>5. Жұмыс істеу қуаттылығы аяқталған ТҚҚ полигондарын рекультивациялау және рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жою</p>
Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі және кезеңдері	2024 – 2028 жылдар 1-кезең 2024 жыл 2-кезең 2025-2026 жылдар 3-кезең 2027–2028 жылдар
Мақсаттық индикаторлар	Бағдарлама мақсаттарын жүзеге асыру үшін келесі мақсаттық индикаторлар орындалуы керек: -2024 жылдың сонына дейін тұрғындардан тұрмыстық қатты қалдықтарды шыгару – 100%; -2028 жылдың сонына қарай түзілу көздерінен қалдықтардың "құрғақ", "ылғалды" фракцияларын бөлек жинау; -2028 жылдың сонына қарай - қоқысты санитарлық сақтау 100%;
Каржыландыру көздері мен көлемі	-қайта өңделген қалдықтардың үлесі: 2024 жыл - 18% - дан, 2028 жылы 27% - ға дейін; -2028 жылға қарай – "жасыл экономикаға" өту жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес қалдықтарды орналастыру орындарын азайту.
	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемі 2024 - 2028 жылдары 786 399 874,0 теңгегі құрайды, соның ішінде: 1-кезең бойынша (2024 жыл): **Жергілікті бюджет – 131 370 768,0 теңге. ***Жеке инвестиция – 3 500 000,0 теңге. 2-кезең бойынша (2025-2026 жылдар): **Жергілікті бюджет – 295 111 293,0 теңге. ***Жеке инвестиция – 5 200 000,0 теңге. 3-кезең бойынша (2027-2028 жылдар): **Жергілікті бюджет - 344 217 813,0 теңге. ***Жеке инвестиция - 7 000 000,0 теңге. Ескерту: * - облыстық бюджеттік комиссияның қолдауымен облыстық бюджеттің құралдары есебінен

каржыландырылатын іс- шаралар бойынша шығындар көлемі; \*\* - жергілікті бюджетті жасау барысында нақты есептеудерден шығатын, сейкес жылға анықталатын бағдарламаның іс шараларын жүзеге асыру бойынша қаржыландырудың нақты көлемі; \*\*\* - инвесторлардың қаржылық құралдары (бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бағдарламасы шенберіндегі жеке коммерциялық құрылымдар).

## Kіріспе

Лисаков қаласы Қостанай облысының орталық бөлігінде, Тобыл өзенінің оң жағалауында, облыс орталығы Қостанай қаласынан оңтүстік батысқа қарай 120 км қашықтықта орналасқан. Лисаков қаласы 1971 жылы 12 тамызда құрылған. Қаланың құрамына Октябрь кенті кіреді. Қала аумағында жүзден аса ұлттар мен ұлыстар тұрады.

2023 жылдың 1 қантарындағы жағдай бойынша қала халқы 34 715 адамды құрады, оның ішінде қалалық 31 135 адам, ауылдық – 3 580 адам.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 577 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" оту тұжырымдамасында ТҚҚ басқару саласын жетілдіру негізгі бағыттарының бірі ретінде анықталған.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама қазіргі жағдайды және қала аумағының географиялық ерекшеліктерін, қаланы дамытудың кешенді жоспары, ұлттық, стратегиялық, бағдарламалық құжаттарының басымдықтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарын орындау, коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

Лисаков қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама мына жағдайлар үшін қажет деп саналады: ТҚҚ нарығына қатысуышылардың барлығына ТҚҚ жұмыс істеудің орталықтандырылған жүйесінің ашиқ механизмін ендіру; ТҚҚ жинау, шығару, қайта өндеу, кәдеге жарату және көму тарифтерінің негізсіз өсуіне (тиімсіз жоспарлау барысында) жол бермеу мақсатында қалдықтармен (қайта өндейтін және кәдеге жарататын кәсіпорындар, полигондар) жұмыс істеу үшін пайдаланылатын нысандарды ұтымды орналастыру; апatty үйінділердің түзілуінің алдын-алу.

Одан басқа, мұндай жүйені енгізу бөлек жинауды ендіруге қатысты "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңымен анықталатын ЖАО өкілеттілігімен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны әзірлеу және жүзеге асыру қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ұсынылатын қызметтердің сапасын жоғарылатады, жинақталатын және қайта өнделетін қайталама материалдық ресурстардың санын арттырады, ТҚҚ жұмыс істеу барысында

қоршаған ортаға теріс әсер етуді төмендетеді. Оған қоса, бағдарлама қала азаматтарының өмір сүру сапасымен жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бағдарлама жүзеге асыру мерзімі бойынша орташа мерзімді бағдарламаға жатқызылады.

1. Лисаков қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдық жай-күйін талдау

1.1. Қалдықтармен жұмыс жасау секторының ағымдық жай-күйін, сонымен қатар, қаланың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына осы сектордың әсерін бағалау

Лисаков қаласының әкімшілік аумағында қалдықтардың негізгі массасы ТҚҚ полигонына шығарылады.

Қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары әзірленген және келісу сатысында, ал тұрғындардан тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтерін 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін әзірлеу және бекіту жоспарлануда.

Лисаков қаласында ТҚҚ жинау мен шығарудың орталықтандырылған жүйесі ұйымдастырылған, бұл Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес келеді және Қазақстанда таза және жасыл қала статусын ұзақ жылдар бойына сақтап қалуына мүмкіндік береді.

Күн сайынғы 2 реттік тығыздалмаған қалдықтарды шығару қайталама шикізатты алу үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Қалдықтар тығыздалмаған жағдайда, оларда араласу үдерісі болмайды және көмуге қалдықтардың аз көлемі жіберіледі, бұл экологиялық зандалылық талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасында ТҚҚ "түзілу" көздерінен бөлек жинау қазіргі уақытта жүйелік деңгейде жағдайды жақсарту бойынша қосымша шаралар қабылдауды талап етеді. Бұл фактор түзілу көздерінен қалдықтарды бөлек жинау жүйесіне кешенді экологиялық бағалау жүргізуге, қалдықтарды бөлек шығаруға, қалпына келтірілген материалдарды қайта өндөу мен сатуға қындықтар туғызады.

Лисаков қаласында коммуналдық қалдықтарды жинау жүйесін талдау

1975 жылдан бастап, Лисаков қаласының қала аумағындағы қалдықтарды жинау және шығару контейнерлік емес әдіспен жүзеге асырылады, яғни, пәтер иелерінің жинақтаушыларынан қалдықтар тікелей арнайы жабдықталған көлік құралдарының (қоқыс тасымалдаушы) бункеріне түседі.


Осы жағдайда, экономикалық, техникалық және экологиялық көзқарас тұрғысынан қалдықтарды контейнерлік емес жинақтаудың басқа әдістердің алдында өзіндік артықшылығы бар.

Қала тұрғындарының қолайлылығы үшін және тазалық пен тәртіпті қолдау үшін қалада периметр бойынша "құрғак", "ылғалды" фракцияларға бөлінген қалдықтарды,

қауіпті қалдықтарды; ірі көлемді қалдықтарды (ұзындығы, ені немесе биіктігі 0,5 м асатын) жинауға арналған, арнайы жабдықталған 5 контейнерлік алаң бар.



1-сурет. Қалдықтарды контейнерсіз жинау барысында мамандандырылған көліктердің тұрақ орындары



2-сурет. Лисаков қаласындағы контейнерлік алаңдарды орналастыру сызбасы

Қалдықтың меншік иелері үшін қалдықтарды жинау ережелерінің бұзылуы жағдайында заңнамаға сәйкес персоналды жауаптылыққа тарту алдын-ала қарастырылған.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, ЖАО қалдықтарды орталықтан жинауды үйымдастырған жағдайда нақты түрғын пункттерді экономикалық, техникалық және экологиялық құраушылар түрғыдан басшылыққа алу керек.

Экономикалық құраушылар:

- контейнерсіз әдіс аз ғана капитал салымдарын талап етеді, қалдықтарды жинау және шығару бойынша түргындарға арналған баға құрылымы тарифтеріне он әсер етеді ;
- контейнерлерді иелену және қызмет көрсетуге шығындар алынбайды;
- контейнерлік алаңдарды абаттандыру және қызмет көрсету бойынша шығындар алынбайды.

Техникалық құраушылар:

- пайдалану жағдайында істен жиі шығатын контейнерлерді тиесу үшін қымбат бағалы жүк көтергіш механизмдерді иелену және қызмет көрсетудің қажеттілігі жоқ;
- қала құрылышының жинақылығы қала ортасына контейнерлерді орнату үшін алаңдарды еш кедергісіз жабдықтауға мүмкіндік бермейді.

Экологиялық құраушылар:

- қала құрылышының жинақылығы автокөлік қозғалысының маршруттарын төмендетуге мүмкіндік береді, бұл қалдықтарды жинау барысында автокөліктен атмосфераға шығатын шығарындыларды едәуір азайтады;
- қалдықтарды жинаудың мұндай жүйесі үй аулаларының құрылымы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына қолайлы ықпал етеді;
- тығыздалмаған қалдықтарды күніне 2 реттен шығарған жағдайда сұрыптауға ыдырамаған қалдықтар келіп туседі, бұл жағдайда екінші шикізатты алу үлесі артады, бұл өз кезегінде екінші қайта өндеудің жоғары пайыздық үлесінің артуына себепші болады. Кейбір кезеңдерде жалпы көлемнен екінші шикізатты алу 47%-ға дейін жетеді.

Лисаков қаласындағы қалдықтарды жинау мен жою (немесе аулаққа шығару) аралас жүйеде жүзеге асырылады.

1. Контейнерлік жинау және шығару – мұнда жинақталған қалдықтар уақытша (арнайы көлік құралы келгенше) арнайы контейнерлік алаңдарда (қала периметрі бойынша) сақталынады.

2. Контейнерсіз жинау және шығару - мұнда түрғындар пәтерлік жинақтауыштан қалдықтарды тікелей қоқыс таситын көліктің бункеріне (арнайы көлік) төгеді, ауданға кіру кестесі нақты сақталған жағдайда автокөлік тұрағындағы арнайы жабдықталған орындардан (көппәтерлі құрылыш аумағынан) күніне 2 рет қызмет көрсету жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды шығарудың кеңейтілген жүйесі – тұрғындардың жер участекерінен (КР СТ 2974-2017 пп 3.7.6.2.). қойылған қалдықтарды шығару (коттедж құрылышының және Октябрь кентінің аумағы).

Лисаков қаласындағы қалдықтарды жинауды ұйымдастыру үшін шағын аудандар аумағында арнайы көліктің 53 тұрағы анықталды.

Лисаков қаласындағы қалдықтарды тасымалдау жүйесін талдау

Қала аумағынан қалдықтарды шығару жеке кәсіпкерлермен және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктермен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта 3 мамандандырылған кәсіпорындар бар. Төменде әр кәсіпорын үшін қалдықтарды жинау және шығару нарығын жаулау бойынша үлесі көрсетілген:

- ЖШС "Салем KZ" – нарықтың 57%
- ЖК "Фарватор" – нарықтың 41,3%
- ЖК Ахметов – нарықтың 1,7%.

Кәсіпорындар ГАЗ және ЗИЛ маркалы жабдықталған автокөлікпен қалдықтарды тасымалдайды. Күн сайын таңертең және кешке, ал демалыс күндері күніне бір рет ТҚҚ шығаруға 4 автокөлік жұмылдырылған.

Әрине, қызмет көрсетудің осы саласында арнайы көліктің тапшылығы кездеседі, бұл өз кезегінде қалдықтарды шығару кестесінің үзілуіне әкеледі және қала тұрғындары үшін қолайсыздық туындалады, нәтижесінде апатты үйінділердің пайда болуына әкеліп соктырады. Арнайы автокөлік тұрағының экологиялық талапқа сәйкесіздігі мен физикалық тозудың салдарынан толық ауыстыруды талап етеді.

Әкімшілік аумақта жылына есеп бойынша 35 000 тоннадан бастап қалдық түзіледі.

Қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін қолдау үшін жыл сайынғы 8% артуымен жергілікті бюджеттен бөлінетін келесі қаржылар алдын-ала қарастырылған:

1-кесте. Қалдықтарды басқару бойынша іс-шараларға жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржылар

№	Іс-шаралар атапу	2021 ж. бөлінген қаржылар (мың теңге/жыл)	2022 ж. бөлінген сомасы (мың теңге/жыл)	2023 ж. бөлінген сомасы (мың теңге/жыл)	2024 ж. бөлінуге болжамды қаржы (мың теңге/жыл)
1	Қаланы санитарлық тазалау (қантар-ақпан)			10 916,953	11 790,3
2	Қаланы санитарлық тазалау (наурыз-желтоқсан)	65 749,3	78 379,3	76 404,047	82 516,4
3	ҚСБҚ және химиялық көрек көздерін жинауға арналған	275,6	255,6		298,08

	контейнерлерге қызмет көрсету			276,00	
4	Құрамында сынабы бар шамдарды демеркуризация лау	196,7	1 344,9	1 405,00	1 517,40
5	ТҚҚ жинауга арналған контейнерлік алаңдарға қызмет көрсету (2 ай қараша- желтоқсан)			4 856,8	35 248,6
	Барлығы:	66 221,6	79 979,8	93 858,8	131 370,8

Лисаков қаласындағы қалдықтарды көму жүйесін талдау

Лисаков қаласының әкімшілік аумағында қалдықтарды көмудің 3 алаңы орналасқан

- 1. Октябрь кенті – "Озерки" полигоны – меншік иесі "Салем KZ" ЖШС.
- 2. Лисаков қаласындағы ТҚҚ полигоны - "ИЛИН" ЖШС полигонының операторы.
- 3. Лисаков қаласы – ТҚҚ полигоны – меншік иесі "Samal group 2014" ЖШС.

Сонымен қатар, қалалық аумақтан қалдықтар жақын ауылдық үйінділерге шығарылады, бұл осы аумақта қалдықтарды сұрыптау алаңдардың болмағандығынан экологиялық заңнама талаптарының бұзылуына, екінші шикізаттың қайтарымсыз жойылуына әкеліп соғады.

Октябрь кенті - "Озерки" тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны.

Меншік иесі "Салем KZ" ЖШС. Алаң кенттен 950 м қашықтықта және Лисаков қаласынан 12 км қашықтықта орналасқан. Қалдықтарды көму технологиясы – сығу (бастыру) әдісі.

Жер участкесінің ауданы 1,4 га құрайды.

2013 жылдан бастап жинақталған қалдықтардың массасы 2023 жылдың 1 қаңтарына 23 516,85 тоннаны құрайды.

"Втортех-15" сұрыптау желісі бар, ТҚҚ сандық және сапалық құрамына (дозиметр, автокөлік таразылары, қалдық паспорты) тұрақты түрде бақылау жүргізіледі.

Лисаков қаласы – қаладан 4,5 шақырым қашықтықта орналасқан тұрмыстық қатты қалдықтардың қалалық полигоны.

ТҚҚ қалалық полигонының аумағы 26,1 га құрайды.

1998 жылдан бастап жинақталған қалдық массасы 2023 жылдың 1 қаңтарына көрсеткіш бойынша 118 310,603 тоннаны құрайды.

ТҚҚ полигонында қоқыс сұрыптайтын алаң бар, онда екінші материалдық ресурстарды және кәдеге жарату үшін биологиялық ыдырайтын фракцияларды алу мақсатында жеткізілген қалдықтарға 100% сұрыптау жүргізіледі.

ТҚҚ полигонында пайдаланылған жерлерді аралық рекультивациялауға және қалдықтардың көдеге жаратылмайтын бөлігіне траншейндік-картамен көму технологиясы әдісі қолданылады.

ТҚҚ сандық және сапалық құрамына түрақты түрде бақылау жүргізіледі (дозиметр, автокөлік таразысы, қалдық паспорты).

Қолданыстағы технологияны және заңнама талаптарын сақтаған жағдайда полигонды одан ары пайдаланудың мүмкін болжамды мерзімі 50 жылдан кем емес.

Лисаков қаласы – тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны, меншік иесі "Samal group 2014", қаладан 4,6 км қашықтықта орналасқан. ТҚҚ полигонының аумағы 13 га. Кәсіпорын ТҚҚ қабылдауға, сақтауға, көмуге және қайта өндeуге маманданған. Қалдықтардың көдеге жаратылмайтын бөлігін траншейндік-картамен көму технологиясын қолдану жоспарлануда. Қазіргі уақытта рұқсат беру құжаттарының пакеті әзірленуде.

Төмендегі кестеде Лисаков қаласындағы полигонға ТҚҚ орналастыру көлемінің бөлінуі көрсетілген.

## 2-кесте. Лисаков қаласындағы полигондарға көмілген ТҚҚ көлемінің бөлінуі

Тұрғын пункттер	2022 жылдың аяғындағы халық саны мың адам1.	Бір адамға ТҚҚ жинақталу нормасы * м3/жылына адам	1998 - 2022 жылдарды қоса алғанда, полигонға көмілген ТҚҚ	Қалдықтарды орналастыру аландарының өндірістік қуаттылығы (тонна)
			Тонна	
Лисаков қаласы (жайлар жабдықталған үйлер)	31 135	1,57	118 310,603	1 557 300
Октябрь кенті (жабдықталмаған үйлер)	3 580	1,40	50 792,95	9 000

\*қазіргі уақытта ТҚҚ жинақталуының бекітілген нормалары жоқ. Ұсынылған норма 2022 жылға дейін ғана жарамды болған.

## Лисаков қаласындағы коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

3-кесте. 2022 жыл бойынша Қазақстанның 9 қалаларындағы және Лисаков қаласының ТҚҚ морфологиялық құрамы

№	Қалдық түрлері (фракциялар)	Лисаков қаласы, %	ҚР 9 өнірі бойынша орташа үлесі, %
1	Тағам қалдықтары	27	37
2	Қағаз және картон	23	25
3	Пластмасса	16	15
4	Шыны	4	6
5	Тоқыма	3	6
6	Резенке	2	3
7	Металл	2	3

8	Ағаш қалдықтары	2	3
9	Қалдықтар	7	-
10	басқалары	14	2
	Барлығы	100	100

Өнір бойынша морфологиялық құрамын зерттеу мәліметтерін талдау барысында мәліметтер арасында үлкен алшақтық бар екендігін көрсетті.

1.2. Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі мәселелер, ағымдар және алғышарттар

Коммуналдық қалдықтарды шартты түрде 3 негізгі санатқа бөлуге болады - ТҚҚ, қауіпті құрамдас қалдықтар және басқалары.

Қалалық жердегі ТҚҚ (Лисаков қ.)

Тұрмыстық қатты қалдықтар 85-90% жуық массаға қатысты пайыздық қатынаста алып жатқан коммуналдық қалдықтардың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады.

Айта кету керек, ауылдық және қалалық ортадағы коммуналдық қалдықтарға қатысты жағдайлар ерекшеленеді.

Қалалық ортада коммуналдық қалдықтардың негзігі генераторы үй шаруашылығы ғана емес, кәсіпорындар мен ұйымдар.

Ауылдық жерлердегі ТҚҚ (Октябрь кенті)

Қалдықтардың морфологиялық құрамы қалалық және ауылдық жерлерден ерекшеленеді. Ауылдық жерлерде пластмасса, қораптық материалдар басым және органикалық қалдықтар, қағаз және картонның үлесі аздау. Ауылдық жерлерде қалдықтардың органикалық бөлігі полигонға немесе үйінділерге тасталынбайды. Органикалық қалдықтардың басым бөлігімен жануарларды қоректендіреді немесе үй жағдайында қордаландырады. Одан басқа, ағаш және басқа да материалдар жылыту мақсатында жағылады. Іс-әрекеттің осы екі түрі түзілетін қалдық көлемі мен құрамына ықпалын тигізеді.

ТҚҚ сұрыптау және қайта өндеу

Талдау көрсеткендей, қазіргі уақытта қалдықтардың басым бөлігі қалаға жақын жерлердегі ауылдық үйінділер мен полигондарға тасымалданады, мұндағы жағдайда қалдық құрамындағы қайталама материалдық ресурстар қайтарымсыз жойылып, бюджетке түсетін салымдар да азаяды. ТҚҚ тек аз ғана бөлігі ТҚҚ қалалық полигонына жіберіледі, мұнда ары қарай қайта өндеу, кәдеге жарату және кәдеге жаратылмайтын бөлігін көму 100% жүргізіледі.

Қалдықтарды басқару тізбегінде ең тиімсіз әрі тартымсыз, шығынды бөлігі қалдықтарды сұрыптау болып табылады, бұл міндетті жұмыстарды алып тастау (заңға қайшы) қызмет нарығына жосықсыз қатысушылардың негіzsіз бағаның төмендетуіне әкеліп соқтырады.

Нәтижесінде үйінділер саны артып келеді, ал оларды ары қарай рекультивациялау әжептәуір бюджеттік қаржыны талап етеді.

## Коммуналдық ТҚҚ көмү

Бүгінде полигондар мен үйінділерге қалдықтарды көму қалдықтарды тұрақты орналастырудың негізгі әдісі болып табылады. Полигонға жіберілген тұрмыстық қатты қалдықтардың басым бөлігі қайта пайдалану/қайта өндеу үшін сұрыпталмай, осы мақсат үшін қарастырылмаған жерлерге тасталынып, рұқсат етілген үйінділердің түзілуіне әкеліп соқтырады.

Рұқсат етілген үйінділерде қалдықтар ТҚҚ полигонына зандық тұрғыдан көмуге тиым салынған қауіпті медициналық, құрамында ауыр металлдар бар өнеркәсіптік қалдықтармен, тағам және құрылыс қалдықтарымен бірге көмілуі мүмкін, қалдықтардың мұндай түрлері қайта өндеуді талап етеді.

### ТҚҚ жұмыс істеу жүйесінің негізгі мәселелері

Қалдықтарды жинау және шығару қызметтеріне Лисаков қаласының тұрғындарының қол жетімділігіне қолайлы жағдайлар құру үшін тұрғындардың көзқарасын ескере отырып, қалдықтарды жинау және шығару кестесін қайта қарауды талап етеді.

Коршаған ортаға маңызды жүктеме туыннататын биологиялық ыдырайтын қалдықтар (ары қарай – БЫҚ), соның ішінде тағам қалдықтары, олар ыдыраған кезде қоқыс газын түзеді, оның климаттың өзгерісіне әсері бар, тағамдар шіри бастағанда патогенді микрофлораның түзілуіне жағдай жасайды.

ТҚҚ қалалық полигонында қалдықтардың осы бөлігін кәдеге жарату бойынша технологиялық шешімнің нұсқасы таңдалды және қызыл калифорниялық шыбын (ҚҚШ) көмегімен қалдықтарды кәдеге жарату технологиясы тестілеуден өтті.

ТҚҚ қалалық полигонында құрылыс қалдықтарын қайта өндеу бойынша жұмыстар жүргізілуде, себебі олар коммуналдық қалдықтар құрамында кездеседі, жалпы ТҚҚ полигонында заң жүзінде құрылыс қалдықтарын көмуге тиым салынған.

Құрамында қауіпті заттары бар коммуналдық қалдықтар – адамның тіршілігі барысында түзілетін, құрамы мен қасиеті бойынша қауіпті қалдықтарға жатқызылатын тұтыну қалдықтары, сонымен қатар, өндірісте түзілетін қалдықтар. Оған келесі қалдықтар жатады:

- пайдаланылған батарейкалар мен аккумуляторлар;
- пайдаланылған электрлік және электрондық жабдықтар;
- құрамында сынабы бар қалдықтар (люминесцентті шамдар және термометрлер);
- медициналық және ветеринарлық қалдықтар;
- тұрмыстық химия қалдықтары;
- құрамында асбест бар қалдықтар;
- адамның тіршілігі барысында түзілетін басқа да қауіпті қалдықтар.

Әлемдік тәжірибеде көрсетілгендей, тұрғындардан, кәсіпорындардан және ұйымдардан жиналатын қауіпті тұрмыстық қалдықтар ТҚҚ жалпы массасынан 1%

құрайды. Бұл бағдарламада осы мәндерді соңғы бағалауды жүргізу үшін негіз ретінде алуға болады.

Пайдаланылған батареялар мен аккумуляторлар. Қалада жергілікті атқарушы органдардың қүшімен қауіпті тұрмыстық қалдықтардың жеке түрлерін, атап айтқанда, пайдаланылған ҚСБҚ және гальваникалық элементтерді жинау ұйымдастырылған. Осы жағдайда қала аумағында қауіпті қалдықтарды жинауға арналған 9 контейнер орнатылған. Жыл сайын бұл қалдықтарды ары қарай қайта өндөу (демеркуризация) мақсатында оларға қызмет көрсетуге конкурс жүргізіледі.

Медициналық және ветеринарлық қалдықтар. Жоғарыда айтып өткендей, қалдықтардың осы типтерін есепке алу, жинау және одан әрі өндөу жүйесі медициналық және ветеринарлық ұйымдар үшін ғана жолға қойылған.

Тұрғындардан медициналық және ветеринарлық қалдықтарды жинау жүйесі жоқ. Мұндай жағдайда, тұрғындардан бұл қалдықтар жалпы ағынымен ТҚҚ қалалық полигонына келіп түседі, сұрыптаудан кейін ғана олар қосымша жағу камерасымен жабдықталған крематорда қауіпсіз кәдеге жаратылуға жіберіледі.

Лисаков қаласынының әкімшілік аумағында ветеринарлық және биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату үшін мал шаруашылығы өліктерін жоюға арналған арнайы жабдықталған – "Бекқари" шүнқыры бар.

Тұрмыстық химия қалдықтары. Тұрмыстық қалдықтардың осы қауіпті түрін жинау және кәдеге жарату жүйесі тұрғындар үшін де, кәсіпорын мен ұйымдар үшін де жолға қойылмаған. Бұл қалдықтарды жинау, қайта өндөу (жою) және көмудің регламентtelген нормативтік-құқықтық базасы жоқ екендігін көрсетеді. Әрине тұрмыстық химия қалдықтары жалпы ТҚҚ бірге полигонға түседі.

Қауіпті қалдықтарды жинау және көму жүйесінің негізгі мәселелері

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, қауіпті тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қазіргі уақыттағы бірнеше негізгі мәселелерді көрсетуге болады:

- қауіпті тұрмыстық қалдықтарды есепке алу жүйесінің болмауы;
- арнайы контейнерлерге қауіпті тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау қажеттілігі туралы тұрғындар арасында насиҳаттың жеткіліксіз жүргізілуі;
- алдын-ала алғашқы қайта өндөусіз – сұрыптаусыз қалдықтарды көмуді жүзеге асыратын кәсіпорындар қызметінің нарықта бар болуы.

Басқа қалдықтар – қауіпті болып табылмайтын қалдықтар, оған қоса бұл қалдықтар аралас қалдықтарға жатады, оларды жинау, шығару, кәдеге жарату барысында алғашқы ағынға қарағанда басқа тәсілді талап етеді.

"Басқа қалдықтарға" келесі қалдық түрлері жатады:

- құрылыш қалдықтары;
- ірікөлемді қалдықтар;
- пайдаланылған автокөлік қалдықтары;
- сарқынды суларды қайта өндегеннен кейінгі қалдықтар.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, құрылыш және ірі көлемді қалдықтар тұрғындардан, кәсіпорындардан және үйымдардан жиналатын ТҚҚ жалпы массасынан 5% құрайды. Осы бағдарлама мақсаты үшін келесі бағалауды жүргізу үшін осы мәндерді негіз ретінде қабылдауға болады.

Пайдаланылған автомобиль шиналары. Автокөлік парктерінің артуы жаңа қалдықтардың, соның ішінде апатты үйінділерде, қалдықтардың меншік иелерінде жиналған және ашық және жабық тәсілмен сақталған тозған шиналардың түзілуіне әкеліп соғады.

Қостанай облысында тұрмыстық қалдықтардың осы түрлерін қайта өндеу бойынша инфрақұрылым бар. Тозған доңғалақтар мен резенкетехникалық қалдықтарды қайта өндеуді жүзеге асыратын кәсіпорын бар. Бірақ, соған қарамастан пайдаланылған автокөлік доңғалақтарының басым бөлігі рұқсатсыз жағу мен көмуге жіберіледі.

Ағынды суларды қайта өндеғеннен кейінгі қалдықтар. Тұрмыстық қалдықтардың бұл типтері өзінің түзілу табиғаты жағынан жоғарыда қарастырылған барлық ТҚҚ түрлерінен ерекшеленеді. Яғни бұл қалдықтар өнеркәсіптік класста жатқызылады, себебі тұрғын пункттердің көріздік тазалау құрылышындағы (КТК) тұрмыстық сарқынды суларды тазалау кезінде түзіледі. Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өндеу көзкарасы бойынша КТК қалдықтардың екі түріне қызығушылық басым: бастапқы тұндырыштарда жиналған органикалық фракция және аэротенктердің белсенді тұнбалары.

Қазіргі таңда, Лисаков қаласында бұл қалдықтар ТҚҚ қалалық полигонында қайта өндөледі.

Лисаков қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың жай-күйін SWOT-талдау

Ішкі орта	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Қалада қалдықтарды контейнерсіз жинау әдісі жузеге асырылады, бұл өз кезегінде Қазақстанның таза қалаларының бірі статусын ұзақ жылдар бойы сақтауға мүмкіндік береді.	1. Қалдықтарды "құрғак" және "ылғалды" фракцияларына бөлу арқылы жинау жүйесінің бастапқы кезеңі.
2. Қаладағы тұрғындардың басым бөлігі қалдықтарды жинау және тасымалдаудың қолданыстағы жүйесін сақтауға тырысады.	2. Тұрғындар арасында үй қалдықтарын "құрғак" және "ылғалды" фракцияларға бөлу қажеттілігі туралы түсіндірмелі жұмыстар жүйесі жолға қойылмаған.
3. Қалада пластикалық бөтелкелерді және сусындардан босаған металл ыдыстарын жеке контейнерлерге бөлек жинау жүйесі жолға қойылды.	3. Тұрғындарды тұрмыстық қалдықтарды жинау кестесі қанагаттандыра бермейді, сондықтан да рұқсат етілмеген үйінділердің пайда болуына әкеліп соқтырады.
4. Ластану көздерінен қалдықтарды жинау және шығару бекітілген кесте бойынша арнайы көлікпен шығарылады.	4. Тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару қызметімен жоғары деңгейде тозған арнайы жабдықталған автокөлікпен жүзеге асырылады.
	5. Қаланың әкімшілік шекараларында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өндеумен, кәдеге

	жаратумен және көмүмен айналысатын үш полигон құрылған.
6. 1975 жылдан бастап, қалада ТҚҚ полигоны жұмыс істейді, ол полигон Қазақстандағы (1998 жылдан бастап) коммуналдық қалдықтарды қайта өндөумен, кәдеге жаратумен және көмүмен айналысатын алғашқы полигондардың бірі.	6. Қалдықтарды сұрыптауды жүргізбейтін үйінділер бойынша қалада түзілетін қалдықтарды қайта бөлу (миграция) салдарынан қайталама шикізатты алу мүмкіндігі қайтарымсыз жоылады.
7. Лисаков полигонында коммуналдық қалдықтарды қайта өндөу, кәдеге жарату және көму бойынша жинақталған тәжірибесі Қазақстанда нөлдік жылдардан, яғни жаңа мыңжылдығынан бастап кеңінен зерттелініп, қолданылды.	7. Полигон иелері талап етілген экологиялық заңнама нормаларын сактай бермейді, соның ішінде косымша шығындардан бас тарту үшін, қалдықтарды қайта өндөу және кәдеге жарату технологиясын ендіруге құлықсыз.
	8. Қайта өндесіз және кәдеге жаратусыз қалдықтарды көму полигон қызметіне тарифтерді (полигон арасында әділесіз бәсекелестің пайда болуына әкеледі) төмендетуге мүмкіндік береді, ал ең бастысы қала мен оның аймағындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді.
	9. Тұрмыстық қатты қалдықтар нарығына қатысушылар "ескі" кадрлар.
	10. Қалдықтармен жұмыс жасайтын саладағы мамандандырылған кәсіпорындардың қызметкерлермен жоғары деңгейде қамтылмауы.
	11. Мамандандырылған кәсіпорындардың қызмет көрсетуге ұзақ мерзімдік келісімдерінің болмауы салдарынан кәсіпорынды жаңғыруға деген қызығушылықтарының болмауы.

#### Сыртқы орта

Мүмкіндіктері	Кауіп-катерлері
1. Қазақстанда тұрмыстық қатты қалдықтар нарығына қатысушыларды мемлекеттік қолдау жүйесінің құрылуы.	1. Жемқорлық қаупі
2. Бизнес пен инвестицияларды дамыту, ең жақсы тәжірибе мен технологияларды жылжыту мақсатында "жасыл экономикаға" жедел өтуіне әрекет ету, коршаган орта сапасын тұрақтандыру мен сақтауға республикалық бюджеттен 4 684 901 мың теңгенің бөлінуі.	2. Мемлекетте қалдықтармен жұмыс жасайтын салалардағы жер ресурстарын пайдалануды бақылау жүйесінің дамуы жеткіліксіз деңгейде.

3. Монокалаларда ТҚҚ нарығына жас мамандарды,

3. "Өндірушілердің импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері колданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайтадан пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды төлемдер жасау арқылы ұйымдастыруға өндірушілерден және импорттаушылардан келіп түскен ақшаны оның банктік шотына жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 332 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қаулысы.

	экологтарды катыстыру жүйесінің жолға қойылмауы.
	4. Қоршаған ортаны ластаган жағдайда қалдықтардың меншік иелеріне айыппұл санкцияларын қолдануға катысты заннаманың жетілдірілмеуі.

Қатерлердің алдын-алу мақсатында мына мәселелер қосылатын көптеген сұрақтарды кешенді түрде шешу қажет:

- ТҚҚ қайта өндеу жүйесінің болмауы;
- әзірленген, экономикалық негізделген тарифтердің болмауы;
- түзілген қалдықтардың көлеміне бақылаудың болмауы;
- қалдықтардың қозғалысын бақылаудың болмауы;
- қызметтер құнының төмен болуын негіздей отырып, қалдықтарды ауылдық үйінділерге көшіру (әділетсіз бәсеке);
- қалдықтарды жинау және шығару кестесін құруда тұргындардың пікірін ескере отырып, әзірлеп, бекіту.

### 1.3. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және көмү көлемін болжаяу

Лисаков қаласы бойынша қалдықтардың түзілу болжамының динамикасы халық саны, Лисаков қаласының аумағында өз қызметтің жүзеге асыратын занды тұлғаларда түзілген қалдық көлемі мен түзілу нормалары (2022 жылға дейін қолданыста болған) негізінде есептелді.

Қазақстан Республикасының ЭТРМ ақпараты бойынша, Қазақстан Республикасында коммуналдық қалдықтардың жыл сайынғы өсімі 5% құрайды.

### 4-кесте. 2028 жылға дейін Лисаков қаласындағы қалдықтардың түзілуін болжаяу

	Ағымдық жағдай, тонна			Қалдықтарды жиналу болжамы, мың тонна				
	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
Қалдықтар дың түзілу көлемі	Толық мәліметтер жоқ			15,04	15,8	16,6	17,4	18,3

Болжам бойынша (4-кесте) 2028 жылға қарай түзілген қалдықтардың көлемі 18,3 мың тоннаны құрайды.

2022 жылы Октябрь кентіндегі және Лисаков қаласындағы полигондарға 3 205,788 тонна қалдықтар жинақталған.

### 5-кесте. 1998-2022 жылдардағы ТҚҚ полигондарында жинақталған қалдық көлемі

	Көмілген қалдық массасы, мың тонна	
	1998-2022 жж.	2022 ж.
Лисаков қаласы - "ИЛИН" ЖШС	126,78	2,08
Октябрь кенті - "Салем KZ" ЖШС	50,792	1,12
барлығы	177,572	3,2

2022 жылда 15 мың тонна түзілген қалдықтың болжамданған қалалық көлемінің тек 21,4% мамандандырылған қалалық аландарға жинақталған.

Қалдықтарды қалалық полигонға жинақтауға назар аудару керек, бұл жол картасына сәйкес Қостанай облысы бойынша түрмистық қатты қалдықтарды қадеге жарату және қайта өндөу бойынша кешенді іс-шараларын, Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" өту тұжырымдамасының көрсеткіштері мен мақсаттық индикаторларын жүзеге асыру, қалдықтарды жинақтайтын алаң санын (азайтуға) қысқартуға алып келеді.

Болжамдық бағалау ТҚҚ барлық категориялары бойынша, соның ішінде қауіпті түрмистық қалдықтар бойынша да түзілетін қалдық көлемінің артатынын көрсетеді. Бұгінде қалдықтардың осы категорияларын жинау, қадеге жарату және көмудің сенімді тәжірибесі мен жүйелік тәсілі жоқ. Осыған байланысты бұл бағдарламада ТҚҚ құрамында қауіпті қалдық мәселелерін кешенді шешу үшін мақсаттық көрсеткіштер мен іс-шаралар қосылады.

## 2. Мәселені шешу бойынша оңтайлы шетелдік тәжірибелерді талдау

ТҚҚ басқару саласындағы жоғары стандарттарға жеткен мемлекеттерге ең алдымен Еуропалық Одақ елдері жатады.

Еуропалық Одақ елдерінде (ары қарай ЕО) ТҚҚ жұмыс істеу саласын реттеу Директива негізінде жүргізіледі. ТҚҚ басқару саласындағы негізін қалаушы принциптер мен талаптар 2008 жылдың 19-қарашасындағы 2008/98/EU "Қалдықтар және бірқатар Директиваларды алмастыру туралы" (ары қарай Директива) Директивасында жазылған. Аталған Директива ЕО елдерінде қалдықтармен жұмыс істеуді анықтайтын рамалық құжат болып табылады.

Директиваның басты мақсаты – қалдықтардың түзілуі және онымен жұмыс істеу барысында теріс әсерді қысқарту немесе алдын-алуға бағытталған тұрғындардың денсаулығын қорғау және қоршаган ортаны қорғау бойынша шараларды анықтау, сонымен қатар, ресурстарды пайдаланудан жалпы әсерді төмендету және ресурстарды пайдалану тиімділігін жоғарылату болып табылады.

Директивада сәйкес, мемлекет - қатысушылар қалдықтарды басқару әдістері мен ережелерімен толыққанды сәйкес иерархияны сақтауы керек. Осы жағдайда, осы ережелердегі иерархия бейімделгіш әрі жеңіл әдіс болып табылады, яғни қалдықтарды басқару бойынша жергілікті әлеуметтік, экономикалық және техникалық әлеуетке

бейімделген шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді және қалдықтарды басқару бойынша жоспарланған және орындалатын іс-шараларға сәйкес осы әлеуеттің артын қамтамасыз етеді. Осы жағдайда, басымдықтардың келесі түсініктері анықталады:

- қалдықтардың түзілуінің алдын-алу: зат не материал қалдық болғанға дейін шешім қабылдау керек, яғни қалдық санын азайту және олардың қоршаган орта немесе адам денсаулығына теріс әсері немесе осы заттағы зиянды зат көлеміне қатысты шешімдерді қабылдау қажеттілігі;

- қайта пайдалану: кез-келген әрекет, яғни қалдық қайта зат түрінде бастапқы мақсатында пайдаланылуы мүмкін;

- қайта пайдалануға дайындау, яғни өнім немесе өнім компоненттері қалдыққа айналған соң тестілеу, тазалау немесе жөндеуден өту арқылы қосымша өндеусіз қайта пайдаланылуы мүмкін;

- қайта өндеу: шикізат, бұйым, материал немесе зат (энергия немесе отын ретінде пайдалануды шектей отырып) қалдықтарды осы немесе басқа мақсатқа пайдалану үшін екінші реттік қайта өндеу;

- көму: материалдық ресурстарды немесе энергияны алғаннан кейінгі екінші реттік салдары секілді әсері болса да ауаға, жерге немесе суға қалдықтарды тастау.

ЕО заңдылығына сәйкес, қалдықтарды жинау, тасымалдау және қайта өндеумен мемлекеттік және жеке компаниялармен үйымдар айналысуға құқығы бар, сонымен қатар, қажетті рұқсаттары бар меншік құқығы аралас компаниялар мен үйымдар да айналыса алды.

Қалдықтарды сұрыптаудың көп кездесетін нұсқалары мыналар: қауіпті және қауіпсіз, "ылғалды" және "құрғақ" деп бөлінуі.

Қауіпті қалдықтар жеке жинақталуы, не болмаса жинақтаудың арнайы пункттеріне тасымалдануы керек, сол жерден ол қалдықтарды мамандандырылған компанияларға қайта өндеуге жіберіледі. Жеке тұлғалар қауіпті қалдықтарды жинақтау пункттеріне өздері апарады. Ал өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін тікелей өндірістен жинау үйимдастырылуы мүмкін. Қалдықтардың жеке түрлері үшін (мысалы, гальваникалық элементтер) қайта өндеуші компаниялар супермаркеттер, меншік иелерінің коопертивтері секілді қоғамдық орындарда жинақтау пункттерін үйимдастыруы мүмкін. Тұрғындардың назарын аударту үшін жинақтауға арналған сыйымдылық көркемді етіп рәсімделеді, жанында қалдықтардың сәйкес түрлерімен жұмыс істеу туралы ақпараты бар тақта болуы мүмкін.

Қалдықтарды көму талаптары 1999 жылдың 26 сәуіріндегі 1999/31/EО Директивасында (өзгертулер мен толықтырулармен) жазылған. 1-бап қалдықтарды көму бойынша іс-әрекет нәтижесінде адам денсаулығына төнетін кез-келген қатерді, сонымен қатар, жерасты және жерусті су көздеріне, топыраққа және ауаға, соның ішінде ғаламдық деңгейде парникті әсерді қоса алғанда, қоршаған ортаға теріс әсерін соншалықты деңгейде төмендету немесе жоғары деңгейде алдын-алу туралы ережелерінен тұрады.

ЕО елдерінде осы сектор бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Осы жағдайда, ЕО жұмыс істейтін негізгі принци бұл – "ластаушы төлейді".

Осы саладағы жұмыстарға негізгі принциптер пен тәжірибелерді ендіру ЕО ТҚҚ жинау, тасымалдау, сонымен қатар қайта өндеу мен кәдеге жарату жүйесін басқарудың жоғары деңгейіне жетуіне мүмкіндік береді, "жасыл" экономика курсының негіздері мен принциптерін сақтай отырып, бизнес пен жеке құрылым үшін осы сектордың тартымдылығын арттыратын болады.

3. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, мақсаттық көрсеткіштері және жүзеге асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

### 3.1. Бағдарлама мақсаты

Бұл бағдарламаның мақсаты болып табылатындар:

- коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін біртіндеп қысқартуға, коммуналдық қалдықтарды қалпына келтіру үлесін арттыруға және полигондарды рекультивациялауға бағытталған, бекітілген көрсеткіштерге қол жеткізу;

- қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және жер ресурстарын ұқыпты сақтау, ТҚҚ жинау, тасымалдау, қайта өндеу және көмү бойынша тиімді, сенімді және әлеуметтік қолайлыш жүйені құру.

### 3.2. Бағдарламаның міндеттері және мақсаттық индикаторлары

Қойылған мақсатқа және мақсаттық индикаторларға қол жеткізу үшін келесі міндеттер орындалуы қажет:

1. Коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өндеу және көмү жүйесін жетілдіру.

2. Түзілу көздерінен ірі көлемді және құрамында қауіпті заттары бар қалдықтарды қоса алғанда, бөлек жинауды бірлесе ендіру.

3. "Жасыл экономиканы" дамыту тұжырымдамасы мен принциптеріне сәйкес және соның шенберінде коммуналдық қалдықтарды қайта өндеу үлесін арттыру.

4. Қалалық коммуналдық полигонның өндірістік қуаттылығын ескере отырып, қалдықтарды көмуге/орналастыруға арналған қосымша алаңдардың толыққанды жабдықталғанын және қажеттілігін талдау.

5. Заңнама талаптарына жауап беретін ТҚҚ жинау және шығару үшін мамандандырылған автокөлік паркін толық алмастыру.

6. Келесі тәсілдер арқылы қалдықтармен жұмыс істеу саласына потенциалды инвесторларға арналған бизнес тартымдылығына жағдай жасау:

-ТҚҚ жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге әділетті, экономикалық түрғыдан негізделген тарифтерді бекіту;

-заңнамаға сәйкес конкурс жүргізу арқылы қызмет тасымалдаушы нарығын реттеу.

7. Жұмыс істеу қуаттылығы аяқталған ТҚҚ полигондарын рекультивациялау және рұқсат етілмеген үйінділерді жою.

6-кесте. Лисаков қаласының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасының мақсаттық индикаторлары

Нысыналы индикаторлар атауы	Ағымдық жағдай	Нысаналы индикатор мәндері					
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
ҚР ЭК талаптарына сәйкес							

тұрмыстық қатты қалдықтарды орталықтанды рылған жүйемен шығару арқылы тұрғындарды толық қамтамасыз ету		88%	90%	92%	94%	98%	100%
Араласқан қалдықтарды бөле к жинауды біртіндеп ендиру	Мәліметтер жоқ	5%	7%	10%	15%	20%	
Тұзілу көздерінен ірі көлемді және қауіпті курамдас қалдықтарды қоса алғанда, бөле к жинауды біртіндеп енгізу.	Мәліметтер жоқ	30%	40%	60%	80%	100%	
Қайта өндөлген қалдық үлесі	16%	18%	20%	22%	25%	27%	
Т Қ Қ полигондарын экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру	50%	100%	100%	100%	100%	100%	
Қазіргі талаптарға жауап беретін мамандандыр ылған автокөлік парктерімен қамтамасыз ету	0	2 бірл.	4 бірл.	-	4 бірл.	-	

4. Қойылған мақсаттарға және міндеттерге жету жолдары, негізгі бағыттар  
Бағдарламаның мақсаты мен мақсаттық индикаторларына қол жеткізу бағдарлама  
міндеттерін жүзеге асыру арқылы және тұрмыстық қатты қалдықтардың әр

категориялары бойынша нәтижелер көрсеткіштерімен аралық нәтижелер салыстырылып, өлшеу арқылы анықталады.

Қалдықтардың түзілуінің алдын-алу және азайту қалдықтарды басқару иерархиясындағы басымдылық болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу көптеген факторларға байланысты, яғни экономикалық өсу, өнеркәсіптің әртүрлі салаларына қазіргі технологияларды ендіру және оған деген қолжетімділік және ендіру, сонымен қатар халықтың әл-ауқатының деңгейі секілді тікелей қалдықтарды басқару жүйесіне қатысты емес факторлармен де байланысты.

Осы жағдайда, осы бағдарламада қойылған мақсаттарды жүзеге асыра отырып, тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілу көлемін төмендету бойынша жұмыстарды бірмезгілде жүргізу, сонымен қатар, қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайту, яғни қалдықтарды орналастыру аландарының санын азайту, үйінділер және қалдықтардың түзілуінің алдын-алу мүмкіндіктері бойынша іс-шаралар жүргізу ұсынылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар қалдықтармен жұмыс істеу жүйесінің базалық принциптеріне сәйкес әзірленді:

- қалдықтармен тұрақты жұмыс істеу;
- "ластаушы төлейді" – қоршаған ортаның ластануына жауапты тұлға қоршаған ортаның жай-күйін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдармен мақұлданған қалдықтармен жұмыс істеу бойынша шығындарды көтеруі керек;
- ашықтық және мөлдірлік - қызметтерге ашық тендерлерді тұрақты түрде біртіндеп ендіру, берілетін конкурстық ұсыныстарды ашық бағалау және нормалар мен стандарттарды әділ қолдана білу;
- қалдықтарды қайта өндеу және жұмыс істеу технологиясының иерархиясы;
- қалдықтардың түзілу көздеріне қайта өндейтін қуаттылықты жақыннату принципі.

ТҚҚ басқару қалдықтарды басқару иерархиясына негізделетін болады, ең жоғары басымдылық қалдықтардың шаруашылық айналымға келуіне жағдайлар жасау, сонымен қатар адам деңсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін ТҚҚ полигондарын бақылау және басқару болып табылады.

Мақсатқа, мақсаттық индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және басқа да органдар -жергілікті атқарушы органдар, мамандандырылған кәсіпорындар.

Бағдарламада қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін келесі негізгі бағыттарды жетілдіру керек:

Тариф түзілу және экономикалық тұрақтандыру реформасы

ТҚҚ жұмыс істеу жүйесінің тұрақты жұмысы үшін тариф түзу саясатын құру қажет, бұл біруақытта халықтың төлем қабілеттігіне және жеке инвесторлар үшін осы сектордың тартымдылығын қамтамасыз етуге сәйкес болады.

ТҚҚ басқару саласындағы тұрақты қаржылық жүйені қалыптастыру бойынша жұмыстар ТҚҚ жинау, шығару, сұрыптау, кәдеге жарату, қайта өндеу және көму

бойынша көрсетілетін қызметтерге толық шығынды қайтаруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүйенің жұмыс істеуі келесілердің есебінен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің 2021 жылдың 14 қыркүйегінде № 377 Бүйрығымен бекітілген әдістемесіне сәйкес жергілікті атқарушы органдармен әзірленген және жергілікті уәкілетті органдармен бекітілген қалдықтарды жинау, қайта өндіру және көмектері

Қалдықтарды жинау, қайта өндіру және көмек беру бойынша әлеуметтік қорғалған халық категориясына кіретін тұрғындардың шығындары коммуналдық және пайдалану қызметтерге ұсынылатын тұрғын көмектер шеңберінде өтелетін болады.

2) өндірілген өнімді сатудан түсken табыс (екінші реттік шикізат, электрэнергиясы, биогаз, компост);

Секторды құрылымдық және институционалдық ұйымдасуын реформалау

ТҚҚ саласындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында халықты және жеке бизнесі кеңінен тарта отырып, өнірлік (кластерлік) тәсіл негізінде ТҚҚ жұмыс істеу инфрақұрылымын құру жоспарлануда. Бұл бағыттағы жұмыс қызмет көрсетуге ашық конкурстарды енгізуі, конкурсқа жіберілген ұсыныстарды объективті бағалауды және нормалар мен стандарттарды әділ қолдануды білдіретін ашықтық пен айқындық қағидатына негізделетін болады.

Қалдықтармен жұмыс жасаудың тиімді жүйесін құру үшін жауаптылықтың келесі деңгейлерін бөлу талап етіледі:

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті деңгейде қалдықтармен жұмыс жасау бойынша саясатты қалыптастырып, жүзеге асыратын болады, бұл республикалық деңгейдегі мемлекеттік саясатпен үйлестіріледі және келесілер қосылатын болады:

- қалдықтарды басқару бағдарламасы бойынша өнірлерді дамыту іс-шараларын бағдарламаға қосу;

- қалдықтармен жұмыс жасау саласымен айналысатын нысандарға инвестицияларды жоспарлау;

- ТҚҚ жинау, тасымалдау, қайта өндіру және көмек беру бойынша тарифтерді әзірлеу;

- қалдық бойынша мәліметтерді жинау, жүйелендіру және талдау;

- қалдықтармен жұмыс жасау мәселелері бойынша білім беру және ақпараттық бағдарламаларды әзірлеу.

Одан басқа, ЖАО қалдықтармен жұмыс жасау бойынша қызметтерге тапсырыс беруші болып табылады және оның қызметтеріне мыналар кіреді:

- мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жедел жоспарларды әзірлеу;

- қалдықтармен жұмыс істеу саласында ұзак мерзімдік келісімдерге отыру және конкурстық құжаттарды дайындау, бағалау;

- келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мониторингі.  
Мамандандырылған кәсіпорындар ЖАО бірлесе жүзеге асыратын болады:

- қалдықтың меншік иелерінің реестрін қалыптастыру;
- тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілген, қайта өндөлген, мамандандырылған кәсіпорындарға берілген және ТҚҚ полигонына көмілген көлемін қабылдау және мәліметтерді жинақтау;
- GPS навигациясы арқылы қалдықтарды шығаратын мамандандырылған көлік қозғалысының маршруттарын, ТҚҚ шығару кестесін сақтауды бақылау;
- бағдарламаны жүзеге асыру туралы есептерді өзірлеу және мұдделі мемлекеттік органдарға ұсыну.

Кызметтер деңгейі және технологияны стандарттау

Қалдықтары жинау, тасымалдау, қайта өндеу және көмудің барлық тізбегі бойынша қызметтер стандартын ендіру қажет. Мұндай стандарттау қызметтің төменгі талап етілетін деңгейін ғана емес, қызметтерді ұсыну барысында пайдаланылатын техника мен технологиялардың төменгі техникалық сипаттамалары мен сандық параметрлерін де анықтауы керек.

Қалдықтарды жинау және тасымалдау

Қойылған бағдарлама мақсаттарын жүзеге асыру ТҚҚ жинау және шығару бойынша қызмет сапасын жоғарылатуды талап етеді. Лисаков қаласында, күніне 2 рет ауданға қызмет көрсету кестесі қатаң сақталған жағдайда, тұрғындар қалдықтарды пәтердегі жинақтауштардан қоқыс таситын көліктің (мамандандырылған көлік) бункеріне төккен жағдайда, қала аумағындағы ТҚҚ жинау мен шығарудың орталықтандырылған жүйесін жетілдіру сақталатын болады.

Жеке тұрғын үйлердегі қалдықтарды жинау және шығару конкурс (тендер) шарты бойынша келісілген кестеге сәйкес шығарылады.

Қала тұрғындарының қолайлылығы үшін және қала периметрі бойынша тазалық пен тәртіпті қолдау үшін қалдықтарды жинауға арналған "құрғақ", "ылғалды"; қауіпті қалдықтар; ірі көлемді қалдықтар (ұзындығы, ені, биіктігі бойынша 0,5 м аспайтын) фракцияларына бөлу бойынша 5 контейнерлік аландар жабдықталған.

ТҚҚ шығаруға арналған барлық мамандандырылған автокөліктер "Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы мәліметтердің ұлттық банкі" ақпараттық жүйесіне мәліметтерді беріп отыратын GPS навигация жүйесімен жабдықталуы керек.

Қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету Октябрь кентіндегі тұрғындардан қалдықтарды жинау мен шығаруды ұйымдастыру, аудандағы жеке тұрғын үйлерден, қалалық тұрғындардан араласқан коммуналдық қалдықтарды жинау және шығаруды қамтуды толық бақылау есебінен қол жеткізілетін болады.

"Көздерден" коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ендіру

"Көздерден" қалдықтарды бөлек жинауды ендіру үшін бөлек жинауды ендірудің келесі қадамдарын жасау ұсынылады:

1-қадам. Қоғамдық орындарда батарея, құрамында сынабы бар шамдар секілді қауіпті қалдықтарды бөлек жинауды ендіру. Қауіпті қалдықтарға арналған арнайы контейнерлерді қоғамдық орындарға орнатқан жағдайда тұрғындар мұндай қалдықтарды өз бетінше жеткізетін болады. Мұндай жағдайда, қалдықтардың осы түрлерін қабылдайтын тұрақты пункттер осындай шамдарды сататын дүкендерде (дүкен, сауда нұктелеріндегі бөлімдер) немесе ғимарат меншігінің аумағында (ОСИ, КСП) құрылуы мүмкін. Медициналық қалдықтарды (мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, шприцтер, басқалары) жинау үшін қала дәріханаларында экобокс қою қарастырылуда. Қалдықтардың осы түрлерін қабылдайтын тұрақты пункттердің саны мен орналасу орыны анықталған жағдайда олардың қол жетімділігі мен тұрғындарға қолайлылығы ескерілуі керек.

2-қадам. Тұрғындардың көзқарасын ескере отырып, қаланың шағын аудандарында арнайы көлік тұрағының саны мен олардың ұзақтығын қайта қарau. Тұрақ санын осы қызметпен тұрғындарды жоғары деңгейде қамту үшін көбейту керек. Тұрғындарды қалдықтарды қабылдаудың ұйымдастырылған пункттері және олармен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдері туралы ақпараттандыру.

3-қадам. Қалалық бюджет есебінен қалалық коммуналдық полигонға ТҚҚ шығару үшін арнайы көлік сатып алынатын болады. Ең алдымен, қаланың бюджеттік мекемелеріндегі және бес контейнерлік аландарда орналасқан контейнерлерден ТҚҚ тиеу үшін жабдықталған қондырығысы бар көлік сатып алынады.

Кейінгі жылдары арнайы көлік парктерін артуы есебінен контейнерсіз тәсіл арқылы ТҚҚ жинау және тасымалдау үшін және тозған көліктерді алмастыру үшін автокөліктер сатып алынады. Бұл көлік конкурстық негізде бағдарламаға қатысу – занды және жеке тұлғаларға жалға/лизингке беріледі.

4-қадам. Көрсетілген щарапаларды жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексіне сәйкес осы қалдық түрлерін жинау, уақытша сақтау, шығару бойынша жұмыстармен қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Мұндай жағдайда конкурстық құжат пен көрсетілген қызметтермен орындалған жұмыстардың келісім-шартында келесі талаптар алдын-ала қарастырылады:

- өнір тұрғындарынан қалдықтардың осы түрлерін жинау;
- қалдықтардың осы түрлерін қабылдау пункттерінің орналасу орындары және саны, өнірлерге тиесілігі, олардың атауы көрсете отырып, қызмет көрсетілетін тұрғын пункттерінің саны;

- стационарлық жинау пункттерінен жиналған қалдықтардың осы түрін шығару кезеңділігі;

- мамандандырылған кәсіпорындардың одан әрі қауіпсіз кәдеге жарату мақсатында мерзімі өткен дәрі-дәрмектер мен дәрі-дәрмектерді жинау үшін қаланың дәріханаларында экобокстарды ұйымдастыру;

- қауіпсіз сақтау, тасымалдау және кәдеге жаратуды қамтамасыз ету;
- қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

- ұсыну және кезеңділік мерзімдерін көрсете отырып, орындалған жұмыс туралы есептерді ұсыну;

Шамдарды жинау, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату бойынша талаптар мен қауіпсіздікті сақтауды бақылау жергілікті атқарушы органдар, сонымен қатар экологиялық және санитарлық қызметтермен жүзеге асырылады.

5-қадам. Ірі көлемді қалдықтарды шығару кестесін әзірлеу және ендіруді тұрғындар өз бетінше жүзеге асырмауы керек. Оларды айна 1 рет үнемі шығаруды ұйымдастыру керек.

6-қадам. Қайта өндеуге жатқызылатын (ПЭТ, картон, қағаз және басқалары) екінші шикziat пен басқа да материалдарды жинаудың тұрақты пункттерін ұйымдастыру.

7-қадам. Контеинерлік аландарда "құрғақ" және "ылғалды" фракцияларға бөле отырып, түзілу көздерінен қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру.

### Қалдықтарды қайта өндеу

Қалдықтарды басқару бойынша ЕО принциптерінің иерархиялығы және қалдықтарды қайта өндеу технологияларын ендіру бойынша халықаралық тәжірибеге негіздей отырып, бағдарлама мақсаттарын жүзеге асыру қалдықтарды қайта өндеудің орталықтандырылған нысаны – ТҚҚ қалалық полигонын пайдалану арқылы мыналар жүзеге асырылады:

- ТҚҚ жинақталған фракцияларынан екінші шикziatты тарту арқылы 100% сұрыптау;

- ТҚҚ көмуді азайту мақсатымен ТҚҚ биологиялық ыдырайтын фракцияларын өндеу (ТҚҚ фракцияларын биологиялық ыдырату СҚТҚ шламымен бірге өнделеді).

- сұрыптаудан кейінгі алынған тұрмыстық қалдықтардың қауіпті түрлері кәдеге жаратуға бағытталады, соның ішінде мамандандырылған қондырғыда (крематор) немесе ары қарай кәдеге жаратылу үшін мамандандырылған ұйымдарға беріледі.

### Қалдықтарды кәдеге жарату

Бұл екінші материалды пайдалану жолымен, сонымен қатар, жоғары құн қосылған тауарлардан екінші шикziatты өндіру жолымен жүзеге асырылады. Мұндай кәдеге жарату орталығы өнірлік қоқысты қайта өндейтін кешен (ТҚҚ қалалық коммуналдық полигоны) ретінде де, жеке кәсіпорын ретінде де болуы мүмкін.

### Қалдықтарды көму

Қалдықтарды көму бағдарламасын жүзеге асыру мақсаттарына қол жеткізу келесілер арқылы жүзеге асырылады:

- қалдықтарды көмудің заманауи технологияларын ендіру;
- рұқсатсыз апатты үйінділермен күрес;
- жерді рекультивациялау және қайта қалпына келтіру.

Тұрғындармен өзара байланысу және коммуникация шаралары

Жүртшылықты кеңінен ақпараттандыру ТҚҚ басқару саласында маңызды рөл атқарады. Ақпараттандыру ТҚҚ басқару жүйесін жоспарлаудың ең алғашқы сатысында қарастырылатын болады.

Қысқа мерзімдік жоспарда негізгі назар ТҚҚ басқарудың тиімді жүйесінің бар болуының маңыздылығы бойынша міндеттерге аударылатын болады:

- қалдықтармен дұрыс жұмыс жасамаған жағдайдағы теріс әсерді талқылау;
- қалдықтармен жұмыс жасау саласындағы табысты практикалық тәжірибелі танымал ету;
- бағдарлама міндеттеріне қол жеткізу үшін жүртшылықтың және жүйеге басқа да қатысушылардың міндеттерін анықтау;
- екінші материалдық ресурстарды бөлек жинау және пайдалану артықшылығын демонстрациялау;
- қалдықтармен жұмыс істеу жүйесіндегі өзгерістер және бұл өзгерістердің мақсаты туралы тұрғындарды уақытылы хабардар ету;
- коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша талаптарды сақтамағаны үшін Тұтынушыны әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы тұрғындарды ақпараттандыру.

Ең алғашқы назар жүртшылықтың мұдделі тараптарына аударылатын болады:

- тұрғындар – жұмыс істейтіндер және жұмыс іstemейтіндер (үй шаруашылығындағы әйелдер, зейнеткерлер, балалар, жұмыссыздар);
- мұғалімдер, еріктілер, белсенділер және мемлекеттік емес ұйым топтары.

Жүртшылықты ақпараттандыру бойынша іс-шаралар тұрғындардың қалдықтармен жұмыс істеуі бойынша ақпараттық жұмыс жоспарында алдын-ала қарастырылады және мыналар қосылатын болады:

- жергілікті теледидарда репортаждар, жергілікті газеттердегі жарияланымдар;
- жүртшылық арасында қалдықтарды екінші реттік пайдалану жөнінде ақпараттық материалдар;
- студенттер мен мектеп оқушыларына арналған ТҚҚ қалалық полигондарына таныстыру үшін шақыртулар ұйымдастыру;
- қалдықтар тақырыбында білім беру мекемелері, ғимараттардың меншік иелері арасындағы конкурстар.

## 5. Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері

Бағдарлама негізіне өнірлік әдіс қолданылған, бұл қалдықтардың түзілу көздеріне қайта өндеу қуаттылығын жақыннату принциптерін және ең үздік қолжетімділік сонымен қатар, шығындық-тиімді технологиялар принциптерін бірмезгілде қолдануға мүмкіндік береді.

Өнірлік әдіс мүмкіндік береді:

- қоршаған ортаға әсер ету мен құндылық арасындағы балансқа қол жетуді ескере отырып, ТҚҚ қайта өндеу және көму бойынша нысандарды ұйымдастыруға;

- қайталама шикізатты тұрақты қабылдау пункттерін ұйымдастыруға.

Бағдарламаны жүзеге асырудың кезеңдік әдістері

Бағдарламаны жүзеге асыру келесі кезеңдер бойынша бөлінген:

1-кезең – пилоттық, 2024 жыл. Осы кезеңде ТҚҚ басқару жөніндегі аймақтық бағдарламаны әзірлеу, Бағдарламаны жүзеге асыру механизмдері мен принциптерін пилоттық ендіру ұсынылады.

2-кезең – негізгі, 2025-2026 жылдар. Бұл кезеңде Бағдарламаны жүзеге асыру механизмдері мен принциптерін бірлесе ендіру ұсынылады.

3-кезең – қорытынды (аяқтаушы), 2027-2028 жылдар. Бұл кезеңде Бағдарламаны жүзеге асыру механизмдері мен принциптерін ендіру аяқталады және бағдарламаның тұрақтылығына тексеріс жүргізіледі.

## 6. Қажетті ресурстар

Бағдарлама бойынша барлығы 786 399 874,0 теңге көлемінде шығын жоспарлануда, оның ішінде:

1-кезең бойынша (2024 жыл):

Жергілікті бюджет – 131,370 768 млн. теңге. Жеке инвестициялар - 3,5 млн. теңге

2-кезең бойынша (2025-2026 жылдар):

Жергілікті бюджет – 295,111 293 млн. теңге. Жеке инвестиция – 5,2 млн. теңге.

3-еңең бойынша (2027-2028 жылдар):

Жергілікті бюджет – 344,217 813 млн. теңге. Жеке инвестиация – 7,0 млн. теңге.

7-кесте. Кезеңдік жүзеге асыру бойынша бағдарламаны қаржыландыру

Қаржыландыру көздері	Бірл.	1-кезең Пилоттық 2024 ж.	2-кезең Негізгі 2025-2026 жж.	3-кезең Қорытынды 2027-2028 жж.
Бюджеттік қаржыландыру	%	60%	30%	10%
Бюджеттен тыс қаржыландыру	%	40%	70%	90%

## Коммерциялық қаржыландыру

ТҚҚ саласының инвестициялық тартымдылығын жоғарылату осы бағдарламаны мақсатына жету құралдарының бастысы болып табылады және бюджеттен тыс қаржыландыру көлемінің артуына ғана емес, сапаны жоғарылатуға және ТҚҚ инфрақұрылымын пайдаланудағы жеке сектор тәжірибелерін пайдалану арқылы ұсынылатын қызметтердің саны мен сапасының маңызды түрде жоғарылауына мүмкінік береді.

7. Лисаков қаласының коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Мақсаттар мен міндеттер атауы	Кезең	Мерзімі	Орындаушы	Қажетті шығындар. Қаржыландыру көздері	Аяқталу нысаны	Ескерту

1.	Әкім орынбасары төрағалық ететін және әкімдіктің, мәслихаттың, мамандандырылған кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың мүдделі құрылымдың бөлімшелері қатысатын қалдықтармен жұмыс істеу мәселелерін карастыру бойынша тұрақты жұмыс істейтін Жұмысшы тобын құру	1-кезең	Жарты жылда 1 рет	ЖАО	Талап етілмейді	Жұмысшы тобы мәжілісінің хаттамалары	Лисаков қаласы бойынша ШОБ кеңінен тарта отырып, ТҚҚ заманауда кәдеге жарату мен қайта өңдеу бойынша ісшаралар кешені
2.	Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын әзірлеу және бекіту	1-кезең	2024 ж.	ЖАО, мәслихат	1,425 млн. теңге. Жергілікті бюджет	Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының бекітілген нормалары	ҚР заңнама талаптарының орындалуы
3.	Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын қайта қараяу	2-кезең	2026 ж.	ЖАО, мәслихат	2,0 млн. теңге. Жергілікті бюджет	Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының бекітілген нормалары	ҚР заңнама талаптарының орындалуы
4.	ТҚҚ жинауға, шығаруға, қайта өңдеуге және көмүге	1-кезең	2024 ж.	ЖАО, мәслихат	1,425 млн. теңге.	ТҚҚ жинаудың, шығарудың, қайта өңдеудің және	ҚР заңнама талаптарын

	тарифтерді әзірлеу және бекіту				Жергілікті бюджет	көмудің бекітілген тарифтері	ың орындалуы
5.	Колда- ныстағы заңнамаға сәйкес, ТҚҚ жинауға, шығаруға, қайта өндеуге және көмүге тарифтерді қайта қарастыру	2-кезең	2026 ж.	ЖАО, мәслихат	2,0 млн. тенге. Жергілікті бюджет	ТҚҚ жинаудың, шығарудың, қайта өндеудің және көмудің бекітілген тарифтері	ҚР заңнама талап- тарының орында- луы
6.	ТҚҚ жинау және шығару үшін арнайы көлік құралдары паркін жаңғырту	1-кезең арнайы көлік құралдары паркін жаңғырту	2- кезең 3- кезең	2024 ж. же ке инвесторлар	120 млн. тенге. 240 млн. тенге. 240 млн. тенге. Жергілікті бюджет, же ке инвестиция лар	2-қоқыс таситын көлікті сатып алу 4- қоқыс таситын көлікті сатып алу 4- қоқыс таситын көлікті сатып алу	Қалдық- тарды орталық- тандырыл- ған жинау мен шығаруды үйим- дастыру
	Қазақстан Республикасының экология және табиги ресурстар Министрінің 2023 жылдың 27 қараша- сындағы № 332 және Қазақстан Республика сы Үкіметтің 2021 жылғы 2 кыркүйекте гі						

7.	№ 604 бұйрығы шенберінде "Калдық- тарды жинау, шығару қайта өндеу үшін мамандан- дырылған көліктерді, жабдық- тарды алу үшін мате- риалдық- техни- калық базаны жетіл- діруге 2024 жылға қосымша кұрал- дарды тарту мүмкін- дігі" жобасын әзірлеу және жүзеге асыруға комис- сияны құру	1-кезең	1 квартал 2024	ЖАО, мәслихат, жеке инвести- циялар	Талап етілмейді	Жоба	Қалдық- тармен жұмыс істеу саласын- дағы мемле- кеттік саясатты жүзеге асыру
8.	ТҚҚ жинау және шығару бойынша қызметтерм ен қамтамасыз ету: Лисаков каласының тұрғындары 100%; Октябрь кентінің	1-кезең	2024 ж.	ЖАО, маманданд ыры лған кәсіпорында р	Талап етілмейді	Әкім орынбасары мен бекітілген кесте жоспары	ҚР заңнама талаптарын

	тұрғындары 100%						ың орындалуы
9.	Тұрғындардың көзқарастарын ескере отырып, ТҚҚ шығару кестесін әзірлеу және бекіту	1-кезең	2024 ж.	ЖАО	Талап етілмейді	Кесте (МВО арналған конкурс (тендер) материалдарына қосымша)	Таңғы жинау 6-30 дан 9-00 дейін (сонын қоқыс құбырлары). Кешкі шығару 19-00 дең 21-00 дейін
10.	ТҚҚ жинау және шығару уақыты туралы ақпараттық таблоның дизайнын әзірлеу және келісу	1-кезең	2024 ж.	ЖАО	Талап етілмейді	Эскиз	Рұқсатсыз үйінділердің түзілуінің алдын алу
11.	ТҚҚ жинайтын арнайы көлікке арналған тұрақтарға ақпараттық таблоны дайындау орнату	1-кезең	2024 ж.	Басқарушы компания; ММБ; ҮЖИК	Жергілікті бюджет 0,3 млн. теңге	Акт	Рұқсатсыз үйінділердің түзілуінің алдын алу
12.	"Күргақ", "ылғалды" фракциялар, қауіпті қалдықтар, ИКК-ға бөле отырып, қаланың периметрі бойынша 5 данада контейнерлік аландарды орнату	1-кезең	2024 ж.	ЖАО	5,537 млн. теңге. Жергілікті бюджет	Акт	Қалдықтардың алдын алу және азайту; қалдықтарды бөлек жинауды енгізу
13.	Бюджеттік ұйымдарға қалдықтарды бөлек жинауды ендіру	1-кезең	2024 ж.	ЖАО	Жергілікті бюджет 3,2 млн. теңге. бюджет	Ақпарат	ҚР заңнама талаптарының орындалуы

14.	Кұрамында сынабы бар шамдарды жинау үшін контейнерлі к аландарға контейнерл ерді орнату	1- кезенде	2024 ж.	ЖАО	0,4 млн тенге. жергілікті бюджет	Акт	Қалдықтард ы бөлек жинауды енгізу
15.	Қауіпті қалдықтард ы бөлек жинау үшін тұрғын пункттердег і конейтерлер ді жаңарту және жабдықтау	Барлық кезендер де	Жыл сайын 5 бірлік	ЖАО	Жергілікті бюджет 2,0 млн. тенге.	Жоспар-кес те	ҚР заңнама талаптарын ың орындалуы
16.	Екінші шикізатты қабылдауды н 2 пункттерін құру	3-кезең	2027-2028 жж.	ЖАО	Жергілікті бюджет;	Акт	Лисаков қаласы бойынша ШОБ
					ж е к е инвестиция лар 15 млн. тенге.		кеңінен тарта отырып, ТҚҚ заманауи кәдеге жарату мен қайта өндеу бойынша іс- шаралар кешені
17.	Конкурстық таңдау критерийі м е н міндетті бағалық индикаторы мен қ а л а зоналары бойынша ТҚҚ жинау және шығару	1-кезең	2024 ж.	ЖАО	Қаржылан- дыру талаң	Конкурстық таңдау әдістемесі	ТҚҚ басқару саласындағ ы бәсекені дамыту

	кызмет-терін тасымалдаушыларға конкурстық таңдау жүргізу тәртібін (механизмін) өзірлеу			етілмейді		бойынша БД (ЭМ., КР БҚА)	
18.	Занға сәйкес Т Қ Қ жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын Т Қ Қ нарығына қатысу-шыларды анықтау бойынша конкурс (тендер) жүргізу	Барлық кезендер де	2024-2028 жж.	ЖАО	Каржыландыру талап етілмейді	Хаттама, келісімшарт	КР ЭК, п.2; 4т, 367 б.
19.	ТҚҚ полигондарының ағымдық жай-күйін талдау	1-кезең	2024 ж.	ЖАО	Талап етілмейді	Ж А О шешімі	КР заннама талаптарының орындалуы
20.	Контеинерлік аландар мен полигондарды бейне-бақылаумен қамтамасыз ету	1-кезең	2024 ж.	ЖАО, аланың иесі	Жергілікті бюджет, жеке инвестициялар 0,12 млн. теңге	Акт	КР заннама талаптарының орындалуы
	ТҚҚ калалық полигон-						

21.	дарында мамандан-дырылған коқыс сұрып-тайтын желіні орнату.	3-кезең	2027-2028 жж.	ЖАО, ТҚҚ қалалық полигон опера-торы	60,0 млн. теңге, жеке инвести-циялар	Акт	Қосымша сұрыптауды ендіру
22.	ТҚҚ қалалық полигонына дейін жолдар-ды салу	3-кезең	2027-2028 жж.	ЖАО	Жергілікті бюджет 200 млн. теңге.	Акт	Қалдық-тарды орталық-т а н жинауды және шыгаруды үйим-дастыру
23.	Шыгару және қайта өндеумен байла-нысты жағдайды талдау: -тагамдық -құры-лыстық -ірі көлемді (ІКҚ)	1-кезең	2024 ж.	ЖАО, басқару-шылық компа-ния, ММБ, УЖИК, маман-дандырыл-ған кәсіпо-рындар	Қаржы-ландыру талап етіл-мейді	Жұмыс-шы тобы мәжі-лісінің хатта-масы	КР заңнама талапта-рының орын-далуы
24.	Қалдық-тарды бөлек жинау бойынша (брошию-ролар, парак-шалар, бейне-роликтер, оқу орында-рындағы дәрістер және т.б.) тұрғындар арасында насиҳат жүргізуі	Барлық кезендер де	2024-2028 жж.	ЖАО, МЕҰ	Мем-лекеттік әлеу-меттік тапсы-рыс шенбе-рінде	Есеп	Лисаков қаласы бойынша ШОБ кеңінен тарта отырып, Т ҚҚ заманауи кәдеге жарату мен қайта өндеу бойынша і-

	ұйым-дастыру және жүргізу					шаралар кешені	
25.	"Акцент" телеканалында қоршаған ортаны қорғау, соның ішінде қалдықтармен жұмыс істей бойынша мәселе-лерге арналған жеке циклдік бағдарламаны күруды	1-кезең 2, 3-кезеңдер	Апта-сына 2 рет; апта-сына 1 рет	ЖАО	Жергілікті бюджет 2,4 млн. теңге 4,2 млн. теңге	Теледидарлық хабарламаның медиа-жөндары	Лисаков қаласы бойынша ШОБ кеңінен тарта отырып, ТҚҚ заманауда кәдеге жарату мен қайта өндөу бойынша іс- шаралар кешені
26.	Қалдықтарды төмендету, жинау және олармен жұмыс істей тәсілдері туралы акпараттық материалдарды өзірлеу, қалалық ТК қабырғаларына ілу, мониторларга баспалық басылымдарда	Барлық кезеңдер де	2024-2028 жж.	ЖАО, БАҚ, мамандандырылған кәсіпорындар	Жергілікті бюджет 0,2 млн. теңге.	Бейнероликтер, БАҚ мақалалары, конкурстар	Мұдделі тараپтардың барлығымен байланысты күштейту: тұргындар мамандандырылған

	жария-лау					ұйымдар	
27.	ТҚҚ жинау, тасы-малдау, кәдеге жарату, кайта өндөу және көмуді жүзеге асыратын субъек-тілердің іс-әрекет-терін монито-рингілеу	Барлық кезеңдерде	Жарты-жылдықта кемінде 1 рет	ЖАО, маман-дандырылған кәсіпопрындар	Қаржы-ландыру талап етілмейді	Мамандандырылған мекеме есептері, Жұмысшы тобы мәжілісінің хатта-малары	ҚР заңнама талаптарының орындалуы
28.	Бағдар-ламаны жүзеге асыру мони-торингі	Барлық кезеңдерде	Аралық - ағымдық жылдың 15 шілде-сіне дейін; жылдық – келесі жылдың 30 қаңта-рына дейін	ЖАО	Қаржы-ландыру талап етіл-мейді	Шешім	Жоспар-ланған іс-шара-ларды жүзеге асыру және тиім-ділігін арттыру; айқын-далған мәселе-лелік сұрақтар бойынша шешім-дер қабылдау
29.	Интернет-ресурска бағдар-ламаны және оның орын-далуы туралы есептерді жүктеу	Барлық кезеңдерде	2024-2028 жж.	ЖАО	Қаржы-ландыру талап етілмейді	Ақпарат сайтта	ҚР заңнама талаптарының орындалуы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК